8D02303 – «Филология» ББ бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған Абдуллина Анар Борановнаның «Айгүл Кемелбаева прозасындағы ұлттық код және мифопоэтика» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Мифопоэтика теориясы қазіргі әдебиеттану ғылымында жан-жақты зерттеліп, ғылыми-теориялық тұрғыдан қалыптасқан және қарқынды дамыған бағыттардың бірі ретінде танылады. Қазіргі кезеңде зерттеушілер тарапынан мифопоэтикалық талдаудың түрлі типологиялары мен үлгілік модельдері ұсынылып келеді. Осы тұрғыда Анар Боранқызы Абдуллинаның «Айгүл Кемелбаева прозасындағы ұлттық код және мифопоэтика» атты диссертациялық зерттеуінде жазушы Айгүл Кемелбаеваның прозалық шығармаларындағы ұлттық кодтың көрінісі архетиптік және шежірелік дәстүрлер аясында жан-жақты талдау өзекті. Айгүл Кемелбаева – тәуелсіздік дәуірі қазақ прозасының көрнекті өкілі, қазіргі қазақ постмодернизмінің ірі тұлғаларының бірі. Жазушы шығармаларында бейсаналық, белгісіздік, иллюзия секілді постмодернистік тәсілдерді ұлттық мифология мен фольклормен ұштастырып, адам рухының терең иірімдерін көркем бейнелейді. Сондықтан жазушы прозасы ұлттық дүниетаным мен әлемдік әдеби тәжірибенің тоғысқан бірегей үлгісі ретінде әдебиеттану ғылымында өзекті мәселелердің бірі.

Зерттеу қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы посткеңестік кезеңдегі мифопоэтикалық ізденістер мен ұлттық дүниетанымның көркем репрезентациясын кешенді түрде талдауға бағытталған. Жұмыстың жалпы құрылымы логикалық жүйелілікке ие, ғылыми проблема нақты сараланған, тақырыптың теориялық және практикалық маңызы айқындалған.

«Қазіргі қазақ прозасы және А.Кемелбаева шығармашылығындағы мифология» атты I тарау тақырыптың теориялық-әдіснамалық негізін құрайды және мифологизм мәселесін әдеби процестің кең контекстінде қарастыруымен құнды. Қазақ прозасындағы мифологизмнің көркем эволюциясын кезең-кезеңімен талдау отандық әдебиеттегі мифтік танымның өзгеру динамикасын ашуға мүмкіндік береді. Мұнда дәстүрлі миф пен қазіргі көркем сананың сабақтастығы ғылыми тұрғыда негізделгені байқалады. Айгүл Кемелбаева шығармаларындағы неомифология мен неомистикалық элементтерді авторлық миф тұрғысынан зерделеу жазушы поэтикасының жаңашылдығын айқындауға арналған маңызды бағыт ретінде бағаланады. Бұл тұста жазушының мифті қайта жаңғыртудағы стиль ерекшелігі дұрыс таңдалған ғылыми нысан екенін атап өткен жөн. Архетип пен символ мәселесінің көтерілуі зерттеудің теориялық тереңдігін арттыра түседі. Архетиптік құрылымдарды Юнгтік парадигма негізінде қарастыру арқылы мәтіннің психо-мифологиялық қабаты ашылған. Шежірелік дәстүрді талдау ұлттық тарихи жадтың көркем шығармадағы көрінісін анықтауға бағытталған. Бұл аспект жазушының ұлттық таныммен сабақтас рухани кеңістігін жан-жақты көрсетеді.

Бірінші тарау мазмұны теориялық тұрғыдан негізделген, зерттеу мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді. Докторант мифопоэтикалық модельді жан-жақты аша отырып, А.Кемелбаева прозасының ұлттық және мифологиялық қабаттарын терең талдайды.

«А.Кемелбаева прозасындағы ұлттық код және кейіпкерлер жүйесі» атты II тарау жұмыстың практикалық-талдамалы бағытын күшейтіп, ұлттық дүниетаным мен көркем бейне жүйесінің арақатынасын кешенді түрде қарастыруға бағытталған. Ұлттық код пен ұлттық психологияның көркем модель аясында талдануы зерттеудің мәдени-танымдық деңгейін көтереді. Жазушы кейіпкерлерінің ішкі әлемін ұлттық сана тұрғысынан пайымдауға мүмкіндік береді. Зерттеуде ұлттық интеграция мәселесінің қарастырылуы қазіргі жаһандану дәуіріндегі қазақ қоғамының рухани күйін әдебиет арқылы бейнелеуді көрсетеді. Мұнда дәстүрлі құндылық пен заманауи өркениет арасындағы синтез сәтті ашылған. Жазушы повестердегі ұлттық дискурс пен кейіпкер психологиясын қатар талдау мәтіннің семантикалық және философиялық астарын тереңдетеді. Кейіпкердің ішкі дүниесі арқылы ұжымдық сана мен тарихи жадының көрініс табуы әдеби талдаудың күрделі деңгейін көрсетеді. «Мұнара» романындағы кейіпкерлер жүйесі ұлттық болмыс тұрғысынан қарастырылып, жазушының идеялық бағыты мен көркемдік стратегиясы нақты дәлелдермен айқындалған.

Екінші тарау көркем мәтінді терең аналитикалық деңгейде пайымдаумен ерекшеленеді. Ұлттық код мәселесі тек этнографиялық сипатта емес, философиялық, психологиялық және экзистенциялық қырларымен ашылған. Докторант кейіпкерлер жүйесі арқылы ұлттық болмыстың күрделі табиғатын дәлелдеп көрсетіп, Айгүл Кемелбаева прозасының қазақ әдебиетіндегі орны мен көркемдік маңызын ғылыми тұрғыда негіздеген.

Қорыта келгенде, зерттеу жұмысының құрылымы жүйелі, тақырыптың өзектілігі дәлелденген, ғылыми жаңалығы анық байқалады. Айгүл Кемелбаева прозасындағы мифопоэтика мен ұлттық код мәселесін кешенді зерттеу – қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымы үшін маңызды бағыт болып табылады. Автор теориялық дереккөздерді тиімді пайдаланып, көркем мәтінді талдауда заманауи әдіснамалық тәсілдерге сүйенген. Жұмыс ғылыми талаптарға сай орындалған, құрылымдық жағынан жинақы әрі мазмұны терең. Зерттеу нәтижелері әдебиеттану саласындағы оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектерге қосымша материал ретінде пайдалануға лайық деп есептеймін.

Абдуллина Анар Бораковнаның «Айгүл Кемелбаева прозасындағы ұлттық код және мифопоэтика» тақырыбындағы диссертациясы 8D02303 – «Филология» ББ бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:
«Alikhan Bokeikhan University» ББМ,
филология кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор К.Т.Тулебаева

Қолын растаймын / Удостоверяю подпись
КАДР БӨЛІМІ
202__ жл.

инспектор ОРМ: